

№ _____

20 ____ ж./г. « ____ » _____

Тақырыптық талдауға пікір

Жоғары білім беру ұйымдарында студенттерге бағытталған оқытуды енгізу процесі: стандарттарды талдау және нәтижелерді бағалау

Материалдың практикалық маңызы мен өзектілігі. Ұсынылған талдау еңбек нарығына өте өзекті, себебі студенттерге бағытталған оқыту түлектердің кәсіби құзыреттерін, шығармашылық әлеуетін және әлеуметтік жауапкершілігін дамытумен тікелей байланысты. Жұмыс берушілер үшін білім беру үдерісінің студенттердің қажеттіліктері мен кәсіби ортаның талаптарына сай болуы аса маңызды.

Бұл материалдың практикалық маңызы мынада.

Бизнеспен өзара әрекеттесудегі табысты тәжірибелерді анықтау тұрғысынан жоғары оқу орындарының бағдарлама мазмұнын сала өкілдерімен үйлестіру мақсатында консультативтік кеңестер мен индустриялық комитеттер құруға бағытталған оң қадамдары атап өтілді (мысалы, KBTU және Сырдария университеті).

Сонымен қатар, тақырыптық талдау дуалдық жүйе мен 100 пайыз жұмыспен қамту арасындағы тікелей байланысты анықтайды (Байқоңыр мемлекеттік университетінің тәжірибесі көрсеткендей), бұл – Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының негізгі көрсеткіші.

Сонымен қатар талдау кейбір жоғары оқу орындарында жұмыс берушілердің оқу бағдарламаларын әзірлеуге жеткіліксіз тартылуы сияқты кемшіліктерді ашық көрсетеді, бұл агенттікке және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасына білім сапасын жақсартуға бағытталған күш-жігерін дұрыс бағыттауға мүмкіндік береді.

Сапаны қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру мақсатында «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы келесі тақырыптарды қарастыруды ұсынады: «Жұмыс берушілердің кері байланысының тиімділігі» және «Түлектердің мансаптық траекториясын бақылау».

**Бас директор – Адам капиталын
дамыту департаментінің директоры**



А. Бейсенбенов